

10. Виленкин Н.Я., Доброхотова М.А., Сафонов А.Н. Дифференциальные уравнения. Учебное пособие. М.: Просвещение. – 1984. – С.176.

References:

1. OECD, PISA 2018 Results (Volume I): What Students Know and Can Do, PISA, OECD Publishing. – Paris, 2019. – URL: <https://doi.org/10.1787/5f07c754-en>.
2. Braskén M., Hemmi K., Kurtén B. Implementing a Multidisciplinary Curriculum in a Finnish Lower Secondary School – The Perspective of Science and Mathematics // Scandinavian Journal of Educational Research. – 2020. – V. 64. – Is. 6. – P. 852–868. DOI: 10.1080/00313831.2019.1623311.
3. Wang H. H., Charoenmuang M., Knobloch N. A. et al. Defining interdisciplinary collaboration based on high school teachers' beliefs and practices of STEM integration using a complex designed system // IJ STEM Ed. – 2020. – V. 7, 3. – URL: <https://doi.org/10.1186/s40594-019-0201-4>
4. Smirnova A.S. Realizatsiya mezhpredmetnykh svyazey na urokakh matematiki // Mir nauki. ser. pedagogika i psikhologiya. – 2020. – tom 8. №4. – URL: <https://mir-nauki.com/issue-4-2020.html>
5. Dalinger V.A. Metodika realizatsii vnutripredmetnykh svyazey pri obuchenii matematike. – M.: Prosveshcheniye, 1991. – S. 83–109.
6. Saurykova Zh.M. Zhaңartylǵan bastauyshtyn bilim mazmuny ayasynda panaralyk, baylanysty zhyzege asyruydyń pedagogikalık, sharttary // PhD darezhesin alu yshin oryndalǵan dissertatsiya. – 2019. – Taldykorgan.
7. Toybazarov D.B., Tazhiyev M., Tokanov M.M. Problemy ispol'zovaniya prikladnykh zadach v obuchenii studentov-matematikov // Vestnik Kazakhskogo natsional'nogo zhenskogo pedagogicheskogo universiteta. – 2020. – №3. – S.55-63
8. Polyukhovich N.V. Metodicheskiye osnovy resheniya studencheskikh prikladnykh zadach po teme «Differentsial'nyye uravneniya» // Yaroslavskiy pedagogicheskiy vestnik. – 2010. – №2. – S.131–136
9. Amel'kin V.V. Differentsial'nyye uravneniya v prilozheniyakh. M.: Nauka. – 1987. – S.160.
10. Vilenkin N.YA., Dobrohotova M.A., Safonov A.N. Differentsial'nyye uravneniya. Uchebnoye posobiye. M.: Prosveshcheniye. – 1984. – 176 s.

МРНТИ 14.09.35

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.17>

Э.А. Айтенова¹, А.А. Сманова², А.С. Косшыгулова^{1*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

ДУАЛЬДІ-БАҒДАРЛЫҚ ОҚЫТУДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының, сондай-ақ, дуальділік, дуальді жүйе, дуальді оқыту, дуальді білім беру, дуальді форма педагогикалық-психологиялық аспектілері қарастырылады.

Зерттеу жұмысымызда философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, тұжырымдаймыз: болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы дуальді-бағдарлық оқыту – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория. Яғни, мұғалімдерді дуальді оқыту немесе болашақ мұғалімдерді кәсіптік даярлауда педагогикалық университеттер мен өнеркәсіп секторының (мектептер, колледждер және т.б. білім беру ұйымдары) үштігіндегі ынтымақтастық арқылы және Үкімет шешімдері, мемлекеттік деңгей негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осыған сәйкес жоғары педагогикалық білім беруде дуальді оқытуды енгізудің болмауы және жоғарыда аталған қиындықтар мен оны жүйе тұрғысынан енгізудің қиындығы дуальді оқытуды емес, дуальді-бағдарлық жағдайды қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: кәсіби білім беру, дуальді жүйе, дуальді оқыту, дуальді білім беру, дуальді форма, дуальді-бағдарлық оқыту, болашақ педагог, практикалық даярлық.

Айтенова Э.А.¹, Сманова А.А.², Косшыгулова А.С.¹

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан*

²*Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати,
г. Тараз, Республика Казахстан*

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ДУАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические аспекты понятия дуально-ориентированного обучения, а также дуальность, дуальная система, дуальное обучение, дуальное образование, дуальная форма.

В работе, анализируя философские, психолого-педагогические научные труды, делаем вывод: дуально-ориентированное обучение в профессиональной подготовке будущего педагога – инновационная траектория совершенствования практической подготовки будущего педагога в продуктивном взаимодействии школы, колледжа и вуза в реализации принципов системности, методологической определенности и практической необходимости, основанная на внедрении элементов дуального обучения в высшее педагогическое образование. То есть дуальная подготовка педагогических кадров или дуальное обучение в профессиональной подготовке будущих учителей должно осуществляться через взаимодействие в триаде: педагогического вуза, управления образования (школы, колледжи и др.) и на основе решений правительственного, государственного уровня. В соответствии с этим отсутствие внедрения дуального обучения в высшее педагогическое образование и наличие вышеизложенных трудностей и сложностей в его системном внедрении позволяет нам рассматривать ситуацию дуально-ориентированного обучения, а не дуального обучения.

Ключевые слова: профессиональное образование, дуальная система, дуальное обучение, дуальное образование, дуальная форма, дуально-ориентированное обучение, будущий педагог, практическая подготовка.

E.A. Aitenova¹, A.A. Smanova², A.S. Kosshygulova¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

²*M. Kh. Dulaty Taraz Regional University,
Taraz, Republic of Kazakhstan*

THE CURRENT STATE AND PROBLEMS OF STUDYING DUAL-ORIENTED LEARNING

Abstract

The article discusses the psychological and pedagogical aspects of the concept of dual-oriented learning, as well as duality, dual system, dual training, dual education, dual form.

In the work, analyzing philosophical, psychological and pedagogical scientific works, we conclude: dual-oriented training in the professional training of a future teacher is an innovative trajectory for improving the practical training of a future teacher in the productive interaction of school, college and university in the implementation of the principles of consistency, methodological certainty and practical necessity, based on the introduction of elements of dual training in higher pedagogical education.

That is, dual training of pedagogical personnel or dual training in the professional training of future teachers should be carried out through interaction in a triad: a pedagogical university, the Department of education (schools, colleges, etc.) and on the basis of decisions of the government, state level. In accordance

with this, the absence of the introduction of dual training in higher pedagogical education and the presence of the above difficulties and difficulties in its systematic implementation allows us to consider the situation of dual-oriented training, rather than dual training.

Keywords: professional education, dual system, dual training, dual education, dual form, dual-oriented training, future teacher, practical training.

Кіріспе. Педагогтардың кәсіби білім беру реформасы мемлекеттің ұлттық саясатының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауларында мұғалімдерді даярлауға өзгерістер енгізу бойынша бірқатар шаралар белгіленген. Мемлекет басшысы «сапалы білім Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап өтті. Болашақ мамандар, оның ішінде бүгінгі мұғалім бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, болашақ кәсіби қызметіне қызығушылық танытады, дамыған кәсіби дағдылар мен қабілеттерге, білімді және білікті мамандарға деген қажеттілікке бағытталған [1]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарлама мұғалімнің адами капиталды қалыптастыруға әсерінің басымдығына, білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешудің маңыздылығына баса назар аударады және олардың кәсіби даярлығы мазмұнының сапасын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған [2].

Бұл болашақ мұғалімдердің болашақ кәсіби қызметі үшін жоғары білім алу процесінде практикалық бағытын күшейту қажеттілігін нығайтады.

Германияның ғылыми әдебиетінде «дуальділік» ұғымы алғаш рет 1960 жылдың ортасынан бастап кәсіби оқытуды ұйымдастырудың жаңа түрін белгілеу үшін қолданылды. Ресей ғалымдарының еңбектерінде дуальділік зерттеу пәні тұрғысынан 1990 жылдан бастап зерттеле бастаса, ал Қазақстан Республикасында Федеративті Германия Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігімен қолдауымен (BMZ) 2012 жылдан дуальді оқытуды енгізу бойынша келісімге «Назарбаев-Меркель бастамасы» қол қойғаннан кейін, оның техникалық және кәсіптік білім беруге ендірілуі бойынша ғылыми мақалалар жарық көре бастады [3].

Жалпы, болашақ мамандарды дуальді даярлауға арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеулер Батыс Еуропаның Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания елдерінде жүргізілген (A.Schelten, H.Schmidt, K.Stratmann H.Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б.).

ТМД елдерінде дуальді оқыту білім беру ұйымдарының қағидаттары арасында консорциум идеясын іске асыру нысаны тұрғысынан зерттеді (В.А. Полчаков, И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко, Л.И. Корнеева, В.А. Тимофеева және т.б.).

Сондай-ақ, дуальді оқытудың дамуы мен тәжірибесін Г.А. Федотова, А.Н. Кирилловский, С.П. Романов және т.б. зерттесе, болашақ мамандарды дуальді даярлаудың педагогикалық ерекшеліктерін Л.И. Корнеева, М.А. Шувалова Д.А. Торопов зерделеген. Л.Н. Самолдина арнайы орта оқу орындарының студенттерін дуальді-мақсаттық даярлауды зерделесе, О.В. Приступа Германиядағы дуальді оқытуды мектеп бітірушілерін еңбекпен айналысуға даярлаудың негізі тұрғысынан ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру мәселесін қарастырған. Қазақстанда дуальді оқыту мәселесіне қатысты диссертациялық зерттеулер 2017 жылдан бастап қорғала бастады. 2017 жылы Ж.О. Нұржанбаева дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін зерттесе [4], 2018 жылы Ж.Е.Алшынбаева кәсіптік оқыту мамандығы бойынша педагогтардың дуальді оқытуды іске асыруға даярлығын қалыптастыруды [5] қарастырған. 2019 жылы А.А. Сманова кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуын Германия мен Қазақстан тәжірибесінде [6] зерттеген.

Сонымен бірге Қазақстанда 2015 жылдан бастап дуальді оқыту мәселесіне қатысты мемлекеттік гранттық ғылыми жобалар орындала бастады. Яғни, орындалған гранттық жобаларда Г. К. Исаева, Л.А.Фрезоргер кәсіпкерлерді, инженерлерді даярлау кезінде оқу орны мен өндіріс арасындағы консорциум тұрғысынан дуальді оқытуды; С.А. Жолдасбеков, К.Ж.Бузаубакова, У.М.Әбдіғапбарова дуальді оқыту элементтерін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға енгізу мәселесін қарастырды.

Зерттеу материалдары және әдістері. Дуальді-бағдарлық оқыту ұғымының мәнін анықтауда философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге, ғылыми еңбектерге, диссертациялық зерттеулерге теориялық талдау жасау; озық тәжірибелерге контент-талдау және т.б. әдістер қолданылады.

Зерттеуде шетелдік және отандық жұмыстарға талдау жасалып, онда «дуальділік» мәселесі «дуальді-бағдарлық оқыту» тұжырымдамасының негізі ретінде қарастырылды.

Біз осы аталған және жоғарыда көрсетілген еңбектерде берілген «дуальділік» «дуальді оқыту», «дуальді білім беру» түсініктерінің арақатынасын айқындауға мән бердік.

Мәселен, Г. А. Федотова дәстүрлі білім беру ұйымында дуальділікті өндірістегі толық емес жұмыс күнін үйлестіретін және практикалық көзқарасты білдіретін кәсіптік білімнің дуальді формасы тұрғысынан қарастырады [7], Л.Н. Самолдина аталған проблеманы мақсатты кәсіби даярлаудың дуальді жүйесі тұрғысынан кәсіби даярлықты ұйымдастырудың инновациялық үлгісі деп тұжырымдайды. Ол оның аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың тепе-теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіби қызметті ұйымдастыру) бірлігінде құрылған мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзара әрекеттестіктегі үш әдіснамалық негіздің құрайтынын көрсетеді [8]. «Дуальді жүйе» тұжырымдамасы Германияда алпысыншы жылдардың басында 1960 жылы кәсіптік білім туралы Заңның қабылдануымен дүниеге келді десекте болады. Содан бері мемлекеттік кәсіптік мектепті өндірістік оқытумен үйлестіретін неміс жүйесі бүкіл әлемде үлгі болып, көптеген елдерге экспортталды [9].

Сонымен, дуальді оқыту жүйесі – мақсатты кәсіптік білім берудің инновациялық түрі, ол білім беру мен өндіріс салаларының мамандарды даярлаудағы үйлесімді өзара әрекеттесуін деп түсіндіруге болады [10].

С.П. Романовта дуальділікті өзінің зерттеу нысанына сәйкес инженерлік-педагогикалық білім берудің дуальді жүйесі үш әдіснамалық негіздің бірлігінде құрылған: аксиологиялық (гуманистік және техникалық теңгерім), онтологиялық (құзыреттер базасы), технологиялық (әлеуметтік-кәсіптік білім беруді дамыту процесін ұйымдастыру) мамандарды даярлауда білім беру және өндірістік салалардың келісілген өзараәрекеттестігін көздейтін инженерлік-педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың инновациялық моделі ретінде айқындады. қатынастар, кәсіби қызмет [11].

Осы ойды А.А. Сманова да өзінің зерттеуінде толықтыра түседі. Ол өзінің зерттеу пәніне сәйкес «кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту - бұл үш әдіснамалық блок негізінде: аксиологиялық (білім беру және өндірістік құндылықтар мен мақсаттардың теңдігі), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру және кәсіптік қызметті ұйымдастыру) мамандарды кәсіптік даярлауда білім беру және өндірістік салалардың өзараәрекетті үйлестіретін мақсатты даярлықты ұйымдастырудың инновациялық формасы» деп нақтылайды [6, с. 4].

М.А. Шувалова өзінің зерттеу жұмысында, дуальді білім беру – бұл өндірістегі ішінара жұмыспен қамтуды және дәстүрлі мектеп-университет жүйесіндегі сырттай оқытуды үйлестіретін білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша ұйымдастырылған білім беру процесі. Дуальді білім берудің жоғары ұзақтығы мен маңыздылығы оның аясында барлық қатысушылардың (кәсіпорындар, қызметкерлер, мемлекет) мүдделерінің ортақтығымен анықталады деп көрсетеді [12].

В.А. Тимофеевтің тұжырымдауына, дуальді оқыту – бұл кадрларға деген қажеттілікті болжау, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіптік білім беру, кәсіптік біліктілікті бағалау, өндірістегі тәлімгерлерді қоса алғанда, педагог кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйелерінің өзараәрекеттестігін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық өңірлік үлгі [13]. Дуальді оқыту – оқу орындарындағы оқытуды өндірістік іс-әрекетпен ұштастырып қарастыратын білім беру жүйесі [14].

С.А. Жолдасбекова «дуальділік» мәселесін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды даярлауда қарастырады. Дуальді жүйе ұғымын, тарихы мен дамуын жан-жақты талдап, артықшылығы мен кемшіліктерін және оның кәсіптік-техникалық білім берудің негізгі мәселесі тұрғысынан теория мен практиканың алшақтығын жоюға мүмкіндігін айта отырып, болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлауда дуальді оқытудың маңыздылығын көрсетеді [15].

Г.К. Исаева ғылыми жоба негізінде Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің дуальді оқыту жүйесіндегі мемлекет-жеке меншік әріптестігі экономиканың дамуын ынталандыру тетігі ретінде және шетелдік тәжірибені, заманауи бағыттары мен формаларын, әрекеттерін, әдіс-тәсілдерін зерттей келе, дуальді білім беру жүйесі – теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы деп тұжырымдайды [16].

Л.А. Фрезоргер да дуальді оқытуды техникалық бағытта және технология тұрғысынан қарастырады. Соған сәйкес отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу мен жүйелеу негізінде дуальді технологияның мазмұнын, оқу орны-өндіріс жүйесіне арналған дуальді технологияның бейімделген моделін әзірлейді [17].


К.Ж. Бұзаубақова өзінің ғылыми жобасында дуальді оқытуды теорияны өндіріспен ұштастыратын және құзыреттілік негізінде креативтік қабілетті қалыптастыру мен кәсіптік дайындығын арттыруға бағытталған жүйе тұрғысынан қарастырады. Болашақ педагогтың жан-жақты дамуына және түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуына негіз болып табылатындығын айтады [18].

Ұ.М. Әбдіғапбарова, Г.О. Абдуллаева еңбектерінде педагогикалық кадрларды дуальді-бағдарлық даярлау термині алғаш рет қолданыла бастады. Олардың пікірінше *дуальді-бағдарлық даярлау* - педагогикалық білім берудің жаңартылған түрі, ол мамандарды даярлау бойынша үш әдіснамалық негіздемелердің: аксиологиялық (гуманистік және технологиялықтың тепе-теңдігі), онтологиялық (құзыреттілік тәсілдеме), технологиялық (кәсіби іс-әрекетке даярлау үрдісін ұйымдастыру) тұтастығында құрылған білім беру және өндірістік салаларындағы келісілген өзараәрекеттестігі [19].

Ұ.М. Әбдіғапбарова, Н.Б. Жиенбаева осы пікірді әрі қарай нақтылай түседі: «*дуальді-бағдарлық оқыту* – бұл, қазіргі заманғы қоғам мен нақты білім беру ұйымының сұраныстарына сәйкес белгілі бір бейіндегі және кәсібилік деңгейіндегі мұғалімдерді даярлауда білім беру және практикалық салалардың өзараәрекеттестікке негізделген, білім берудің жалпы мақсаттары мен құндылықтарын, мазмұны мен кәсіби даярлау технологиясын көрсететін «бірыңғай ұйымдастырушылық тұтастық» [20].

Осы талдаулар бізге білім берудегі дуальділікке қатысты бірқатар ұғымдардың ғылыми әдебиеттерде зерттелегенін байқатты (сурет 1):

- *дуальді жүйе* (Корнеева Л.И., Романов С.П., Приступа О.В., Кирилловский А.Н., Торопов Д.А.);
- *дуальді білім беру* (Шувалова М.А.);
- *дуальді оқыту* (Жолдасбекова С.А., Исаева Г.К., Бұзаубақова К.Ж., Нуржанбаева Ж.О., Алшынбаева Ж.Е.);
- *дуальді форма* (Федотова Г.А.);
- *дуальді мақсатты даярлау* (Самолдина Л.Н., Тимофеев В.А.);
- *дуальді-бағдарлық оқыту* (Әбдіғапбарова Ұ.М., Абдуллаева Г.О., Жиенбаева Н.Б.).



Сурет 1 – Ғалымдардың білім берудегі дуальділікке қатысты ұғымдарды зерттеуі

Сонымен, «дуальді жүйе», «дуальді оқыту», «дуальді білім беру», «дуальді форма» ұғымдарын талдай отырып, ғалымдар *дуальділікті* жүйе, форма, технология тұрғысынан қарастырады, бірақ бәрі де болашақ мамандарды оқу орындарымен серіктестікте және теориялық пен практикалық даярлықты бірегей мақсатпен үйлестіре отырып, оқыту қажеттілігін жоққа шығармайтынын көреміз.

Нәтижелер мен талқылау. Біздің түсінігімізше «*Дуальді жүйе*» – еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау бойынша білім беру және өндірістік салалардың, үйлестіруші органдардың келісілген өзараәрекеттестігін, бақылау-құқықтық, үкіметтік, органдардың шешімімен жүзеге асырылуы, қаржыландырылуы қалыптасқан жүйе.

«Дуальді білім беру» – теориялық және практикалық сабақтарда алынған және өндіріс жағдайында практикадан өткен білім, білік, дағдылар кәсіби тәжірибеге үлесіп, оларды «кәсіби берік», «нәтижеге қол жеткізе алатын» және әрі қарай тұлғалық, кәсіби өсу үшін іргелі база болып табылатын кәсіптік оқыту түрі. Дуальді білім беру жүйесі құзыретті маманға мүдделі коммерциялық кәсіпорындар мен өңірлік билік орындарының нақты жұмыс орны үшін оқыту бағдарламаларына бірлескен қаржылық қолдау көрсетуді көздейді.

«*Дуальді оқыту*» – бұл қызметкерлерді оқытудың тиімді түрі, оған оқу орнындағы теориялық дайындық пен кәсіпорындағы өндірістік дайындық кіреді.

«*Дуальді форма*» – практикалық оқытуды өндірістегі ішінара жұмыспен қамтумен және оқу орнында оқытумен үйлестіретін оқыту нысанын білдіреді.

Сонымен, аталған түсініктерді сараптау қорытындысы дуальділіктің – «қос тұтастық, екілік», «біріккен ұйымдастырушы тұтастық», болашақ мамандарды даярлаудағы дуальділік теория мен практикалық дайындықтың теңдігін білдіреді. Сол себепті ол білім беру ортасы мен өндірістік ортаның әлеуметтік серіктестіктің өнімі ретінде еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті маманды даярлауда мемлекеттің жұмыс берушілермен, кәсіподақтармен, қоғамдық бірлестіктермен тығыз өзараәрекеттестікті жүзеге асыруды көздейді.

Сондай-ақ, ғалымдар дуальді оқыту жүйесін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауға бірден көшіру мүмкін еместігін негіздейді. Мысалы, ғалым-педагог У.М.Әбдіғалбарова «қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толық енгізу және аудару мүмкін емес. Себебі, *біріншіден*, олардың теориялық және практикалық кәсіби даярлығындағының % көрсеткішін теңестірудің әдіснамалық-ұйымдастырушылық тұрғыдан негіздері жасалған жоқ. Екіншіден, егер оқытушының жұмыс орны - "жанды процесс" ("субъект-субъект") екенін және дуальді жүйе қағидаты бойынша студент оқу орнында теориялық білім алумен қатар өндірісте жұмыс істеуі тиіс екенін еске алсақ, онда кәсіби тұрғыдан бұл базалық білімі жоқ (кәсіби және жеке қасиеттері, жеткілікті өмірлік тәжірибені қалыптастырмаған) 1-2 курс студенттерін бағыттау мүмкін емес екендігі анық. *Үшіншіден*, Қазақстанның колледж, мектептерінде мұғалім орнының тапшылығы жоқтың қасы. Сол себепті болашақ мұғалімнің студент қатарында (күндізгі оқу) жүріп, жұмыс істеуіне мүмкіндік туа бермейді. *Төртіншіден*, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендірудің механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді» деп көрсеткен ойын біз де құптаймыз.

Осыған орай ол жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқытуды тікелей көшіруді емес, дуальді оқыту элементтерін ендіруді ұсынады.

Біздің зерттеуімізде де дуальді оқыту элементтерін пайдалану, дуальді-бағдарлық оқыту ұғымы тұрғысынан қарастырылады.

Біздің түсінігімізде болашақ мұғалімдерді даярлаудағы **дуальділік** – бұл кәсіби педагогикалық білім берудің әдіснамалық сипаттамасы, ол білім беру және өндірістік салалардың өзараәрекеттестігінің бірыңғай әдіснамалық негіздерін кіріктіруде белгілі бір бейіндегі мамандарды оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық формасы.

Болашақ мұғалімдерді кәсіптік даярлауда дуальді оқыту педагогикалық университеттер мен өндірістік саланың (білім беру ұйымдары: мектептер, колледждер және т.б.) мен білім беру басқармасының үштігінде ынтымақтастық жолымен және Үкіметтің, мемлекеттік деңгейдің шешімдері негізінде жүзеге асырылғаны дұрыс екендігі сөзсіз. Қазақстан Республикасында мұндай қаулы ТЖКББ ұйымдар үшін ғана көзделген. Яғни, жоғары педагогикалық білім беруде дуальді оқытуды енгізіне алмудың және жоғарыда аталған қиындықтар мен оны жүйелі түрде іске асырудың қиындығы дуальді оқытуды емес, дуальді-бағдарлық оқыту жағдайын қарастыруға мүмкіндік берді.

Осы айтылған талдаулар мен көрсетілген қағидалар негізінде біздің тұжырымдауымызша *педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту* – бұл заманауи қоғам мен нақты білім беру ұйымының қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі педагог кадрларды даярлауда білім беру мен практикалық салалардың өзараәрекеттестігіне негізделген, мақсаты мен құндылықтарының, білім беру мазмұны мен кәсіби даярлық технологияларының ортақтығын көрсететін оқыту.

Кәсіби педагогикалық даярлық—бұл арнайы педагогикалық білім жүйесін, жалпы және ерекше іскерлікті, кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті шығармашылық орындау үшін дағдыларды меңгеру үдерісі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандар «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын нақтылауға мүмкіндік береді, ол әр түрлі деңгейдегі және үлгідегі ұйымдар мен мекемелердің нәтижелі өзараәрекеттестікке негізделген, жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаттарын іске асыратын, практикаға-бағдарланған оқыту әдістерін пайдаланатын оқытудың инновациялық траекториясы ретінде түсінеміз.

Осы анықтамадан шыға отырып, біз зерттеуіміздің негізгі түсінігін тұжырымдаймыз—*болашақ педагогтың кәсіби даярлығындағы дуальді-бағдарлық оқыту – жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендіруге негізделген жүйелілік, әдіснамалық айқындылық және практикалық қажеттілік қағидаларын іске асырудағы мектептің, колледждің және ЖОО-ның нәтижелі өзараәрекеттестігінде болашақ педагогтың практикалық даярлығын жетілдірудегі инновациялық траектория.*

Қорытынды. жүргізілген талдау жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде дуальді-бағдарлық оқытудың қазіргі уақытта қайта жанданғаны туралы айтуға мүмкіндік береді. Көптеген жылдар бойы ғалымдар мен практиктер болашақ педагогтың кәсіби даярлық үдерісін жетілдірудің тиімді жолдарын іздестіре отырып, оның практикалық құрамдас бөлігінің маңыздылығын түсінді. Бүгін, біз дуальді-бағдарлық оқыту болашақ педагогтың қазіргі заманғы кәсіби даярлығының практикалық бөлігін дамытуға аса қажет деп сеніммен айта аламыз. Өйткені ол теория мен практиканың байланысын нығайтуға ықпал етеді, нақты озық педагогикалық практикамен тікелей танысуды, практикалық тәжірибені терең ұғынуды және жаңа идеяларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жас педагогтардың «практикалық шок» ықтималдығын төмендетеді және педагог кадрлардың тапшылығы жағдайында болашақ педагогтарды даярлау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы. – 2019, қыркүйек – 2 // <http://www.akorda.kz/kz/>(дата обращения 02.09.2019).

2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 қаулысы.

3. ҚР-да Федеративті Германия Экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігі қолдауымен (BMZ) дуальді оқытуды енгізу бойынша «Назарбаев-Меркель бастамасы» келісімі, 08.02.2012.

4. Нуржанбаева Ж.О. Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері: док. филос. PhD. ... дис. – Шымкент, 2017. – 147 б.

5. Алышбаева Ж.Е. Дуальды оқытуды іске асыруға кәсіптік білім беру педагогтарын даярлау: док. филос. PhD ... дис. – Шымкент, 2018. – 137 б.

6. Сманова А.А. Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі): док. филос. PhD. ... дис. – Алматы, 2002. – 195 с.

7. Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального образования (опыт ФРГ и России): дис. ... док. пед. наук. – М., 2002. – 138 с.

8. Самолдина Л.Н. Научно-методическое обеспечение дуальной целевой профессиональной подготовки студентов в ССУЗ: дис. ... канд. пед. наук. – Казань, 2008. – 272 с.

9. Әбдігапбарова Ұ.М. Дуальді оқыту жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихының алғышарттары // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Педагогика». – Алматы, 2018. – №1(57). – С. 17-21.

10. Әбдігапбарова Ұ.М., Айтенова Э.А. Білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәселелері. «Бәсекеге қабілетті жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың әдіснамасы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2018. – Б. 114-117.

11. Романов С.П. Развитие дуальной системы инженерно- педагогического образования в высшем учебном заведении: дис. ... док. пед. наук. – Новгород: ГОУ ВПО ВГИПУ, 2008. – С.50.

12. Шувалова М.А. *Формирование профессиональных компетенций техников высокотехнологичной отрасли в дуальном образовании: дис. ... канд. пед. наук. – Красноярск, 2016. – С.190.*

13. Тимофеев В.А. *Взаимодействие государственного и частного капитала в сфере образования: дис. ... канд. пед. наук. – Спб., 2003. – С.179.*

14. Айтенова Э.А. *Дуальді оқыту жүйесі – болашақ педагогті даярлаудың негізі // Мұғалімдер мен ғалымдардың 2-ші Республикалық жыл сайынғы конференциясының материалдары. «Педагогикалық білім берудегі дуальді оқыту: тәжірибе, амалдар, проблемалар». – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017. – Б. 225-227.*

15. Жолдасбекова С.А. *Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми әдіснамалық негіздері: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015 - 2017. – 45 б.*

16. Исаева Г.К. *Мемлекет-жеке меншік әріптестігінің нысаны ретіндегі жоғары білім берудің дуальді оқыту жүйесінде кәсіпкерлерді ынталандыру тетіктерін әзірлеу: ғылыми жоба. – Шымкент, 2015 - 2017. – 27 б.*

17. Фрезоргер Л.А. *Разработка интегрированной модели многоуровневой подготовки инженерных кадров для второй и третьей индустриальной пятилеток на основе дуальной технологии и социального партнерства: научный проект. – Павлодар, 2015 – 2017. – С.35 .*

18. Бұзаубақова К.Ж. *Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Тараз мемлекеттік педагогикалық институты мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуальді оқытуды ендіру және жүзеге асыру: ғылыми жоба. – Тараз, 2015 - 2017.– 56 б.*

19. Абдиганбарова У.М. *Совершенствование подготовки педагогических кадров в республике Казахстан на основе дуально-ориентированного подхода // Материалы I Республиканской конференции ученых и учителей «Интеграция деятельности школы-колледжа-вуза в условиях дуально- ориентированного образования». – Алматы, 2016, май 12-13. – С. 5-7.*

20. Жиенбаева Н.Б., Абдиганбарова У.М. *К вопросу о разработке казахстанской модели профессиональной подготовки учителя на основе дуально-ориентированного обучения // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2019. – №1. (68). – С. 103-110.*

References:

1. *Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q.J.Toqayevtyñ «Syndarly qoғamdyq dialog – Qazaqstannyñ tūraqtylyғы men örkendeuiniñ negizi» atty Qazaqstan halqyna joldauy. – 2019, qyrküiek – 2 // [http://www.akorda.kz/kz/\(data obraşenia 02.09.2019\)](http://www.akorda.kz/kz/(data obraşenia 02.09.2019)).*

2. *Qazaqstan Respublikasyndaғы bilim berudi және ғылымды damytudyñ 2020-2025 jyldarға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylғы 27 jeltoqsandaғы, №988 qaulysy.*

3. *QR-da Federativti Germania Ekonomikalыq yntymaqtastyq және damu ministrлігі qoldauymen (BMZ) duäldi oqytudy engizu boıynşa «Nazarbaev-Merkel bastamasy» kelisimi, 08.02.2012.*

4. *Nurjanbaeva J.O. Duäldi oqytu jñiesinde kolej studentteriniñ boıynda eñbek qūndylyғыn qalyptastyrudyñ pedagogikalыq negizderi:dok. filos. PhD. ... dis. – Şymkent, 2017. – 147 b.*

5. *Alşynbaeva J.E.Duäldy oqytudy iske asyruға käsiptik bilim beru pedagogtaryn daiarlaw: dok. filos. PhD ... dis.– Şymkent, 2018. – 137 b.*

6. *Smanova A.A Käsibi bilim beru jüiesindegi duäldi oqytudyñ damuy (Germania және Qazaqstan täjiribesі): dok. filos. PhD. ... dis. – Алматы, 2002. – 195 c.*

7. *Fedotova G. A. Rrazvitie dualnoj formy professionalnogo obrazovaniya: Opyt FRG I Rossii-dis. dok. ped. nauk. – M., 2002. – С.138.*

8. *Samoldina L.N. Nauchno-metodicheskoe obespechenie dualnoi celevoi-professionalnoi-podgotovki-studentov v SSUZ: dis. ...kand. ped. nauk. –Kazan, 2008. – S.272 .*

9. *Äbdıǵapbarova Ü.M. Duäldi oqytu jüiesiniñ qalyptasuy men damu tarihinynıñ alǵyşarttary // Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria «Pedagogika».– Алматы, 2018. – №1(57). – S. 17-21.*

10. *Äbdıǵapbarova Ü.M., Aitenova E.A. Bilim beru jüiesindegi duäldi oqytudyñ мәseleleri. «Bäsekege qabiletti joғary pedagogikalыq bilim berudi qalyptastyrudyñ ädisnamasy men praktikasy»atty halyqaralыq ғылыми-täjiribelik konferenciasynyñ materialdary // Abai atyndaғы Qazaq ұlttyq pedagogikalыq universieti. – Алматы, 2018. – B. 114-117.*

11. Romanov-s-p-razvitie-dualnoj-sistemy-inzhenerno-pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-vysshem-uchebnom-zavedenii-dis-dok-ped-nauk-novgorod-gou-vpo-vgipu-2008-50-s
12. Shuvalova-m-a-formirovanie-professionalnyh-kompetencij-tehnikov-vysokotekhnologichnoj-otrasli-v-dualnom-obrazovanii-dis-kand-ped-nauk-krasnoyarsk-2016-190-s
13. Timofeev V.A. Vzaimodejstvie gosudarstvennogo I chastnogo kapitala v sfere-obrazovaniya. dis-kand-ped-nauk. -SPb-2003 – S 179
14. Aitenova E.A. Duäldi oqytu jüiesi – bolaşaq pedagogtı daiarlaudyñ negızı // Mūğalımdar men ğalymdardyñ 2-şı Respublikalyq jyl saiynğy konferensiasynyñ materialdary. «Pedagogikalyq bilim berudegi duäldi oqytu: täjiribe, amaldar, problemalar». – Almaty: Abai atyndağy QazÜPU, 2017. – B. 225-227.
15. Joldasbekova S.A. Tehnikalyq jäne käsıptik bilim beru jüiesinde bolaşaq pedagogtardy duäldi oqytuğa daiarlaw üderisin jetildirudiñ ğylymi ädisnamalyq negızderi: ğylymi joba. – Şymkent, 2015 – 2017. – 45 b. 3.
16. İsaeva G.K. Memleket-jeke menşik äriptestiginiñ nysany retindegi joğary bilim berudiñ dualdyq oqytu jüiesinde käsipkerlerdi yntalandyru tetikterin äzirleu: ğylymi joba. – Şymkent, 2015 - 2017. – 27 b.
17. Frezorger-l-a-razrabotka-integrirovannoj-modeli-mnogourovnevoj-podgotovki-inzheneryh-kadrov-dlya-vtoroj-i-tretej-industrialnoj-pyatiletok-na-osnove-dualnoj-tehnologii-i-socialnogo-partnerstva-nauchnyj-proekt-pavlodar-2015-2017-35-s
18. Būzaubaqova K.J. Joğary pedagogikalyq bilim beru jüiesin jetildiru: Taraz memlekettik pedagogikalyq instituty men Taraz qalasyndağy Nazarbaev Ziatkerlik mektebiniñ innovasiyalq yntymaqtastyğy negızinde dualdy oqytudy endiru jäne jüzege asyru: ğylymi joba. – Taraz, 2015 - 2017.– 56 b.
19. Abdigapbarova U.M. Sovershenstvovanie podgotovki pedagogicheskikh kadrov v respublike Kazahstan na osnove dualno-orientirovannogo podhoda. -Metarialy respublikanskoi konferencii uchennyh i uchitelei. -Almaty-2016-mai-12-13-s-5-7
20. Zhienbaeva N.B., Abdigapbarova U.M. K voprosu o razrabotke kazahstanskoj modeli professionalnoj podgotovki uchitelya na osnove dualno orientirovannogo obucheniya // Vestnik KazNU imeni Alfarabi, serya Psihologiya I sociologiya -2019-1-68-s-103-110

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.18>

З.Ш. Шавалиева,¹ А.К. Сатынская^{1*}, Д.П. Мучкин¹

¹Павлодар педагогикалық университеті КЕАҚ,
Павлодар қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ ӘРЕКЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдамна

Мақалада авторлар қазіргі заманғы конъюнктураның контекстінде өздігінен білім алуға дайындықтың өзектілігін дәлелдеп, сонымен қатар қызмет түрі ретінде педагогикалық өзін-өзі білім берудің мәнін ашуға әрекет жасады. Жүргізілген теориялық зерттеу негізінде мақалада «педагогикалық өздігінен білім алу» дефинициясының анықтамасы берілген, өздігінен білім алу үшін педагогтың ақпараттық және зерттеу қызметінің негіздерін меңгеруі қажет екендігі туралы қорытынды жасалды және негізделген. Педагогикалық жоғары оқу орнының студенттерінің өздігінен білім алу қызметінің ақпараттық және зерттеу аспектісіне дайындық деңгейін диагностикалау нәтижелері келтірілген. Осы нәтижелердің негізінде болашақ мұғалімдерді өздігінен білім алуға дайындау процесін оңтайландырудың келешекте және перспективалы жолдарының бірі білім беру мазмұнын міндетті компонентке енгізу белгіленген, оның мазмұнын меңгеру студенттерге зерттеу қызметінің негіздерімен неғұрлым толық танысуға мүмкіндік береді.

Біз өз жұмысымызда оқытуға зерттеушілік көзқарас ұстанымына, оның болашақ мұғалімдердің ғылыми ізденіс біліктері мен дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін (креативтілігін) қалыптастыруға және дамытуға бағытталуына мән бердік.

Түйін сөздер: педагогикалық өздігінен білім алу, өздігімен білім алуға мұғалімдерді дайындау.